



## Азаматтық құқық. Сот сараптамасы / Гражданское право. Судебная экспертиза / Civil law. Forensic examination

ХҒТАР 10.79.35.

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-155-2-137-154>

Ғылыми мақала

### Сот-биологиялық сараптамасының сот сараптама қызметіндегі орны

Д.А. Даулетияров\*<sup>1</sup>, М.К. Бисенова<sup>2</sup>, Н.С. Салаев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Қызылорда ашық университеті, Қызылорда, Қазақстан

<sup>3</sup>Сот төрелігі академиясы, Ташкент, Өзбекстан

(e-mail: <sup>1</sup>dastan\_adal@mail.ru, <sup>2</sup>bagnyr@mail.ru, <sup>3</sup>n.salaev@sudacademy.uz)

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасында сот биологиялық сараптаманың сот сараптама қызметіндегі рөлі сипатталды. Оның ішінде жануарларға жауапкершілік қарау саласында құқықбұзушылықтарды анықтау үшін сараптама жүргізудің тәртібін анықталды. Сонымен қатар заңсыз аңшылық қылмыстарын ашу кезіндегі материалды (суық қаруды, атыс қаруды, көлікті) анықтау үшін сараптама жүргізу тәртібіне сипаттама беріледі.

Ғылым мен технологияның қарқынды дамуына байланысты сот сараптамасын жүргізу саласында қолданылатын объектілер ауқымы кеңейді. Оның ішінде өсімдіктер және жануарлар тектес объектілерді анықтауға мүмкіндік берді. Сот биологиялық сараптаманы жүргізуді ұйымдастыру тәсілдері анықталды.

Сарапшының жүргізілген нәтижелері жан-жақты қарастырды. Алынған деректерге жан-жақты талдау жасалынды. Сондай-ақ сараптаманың маңыздылығы және жетілдіру жолдары ұсынылды.

Сот биологиялық сараптама жүргізуді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің ерекшеліктеріне шетелдік заңнамалар және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жасалынды.

Зерттеу барысында сот сараптамасында қолданылатын әдістердің ғылыми негізділігі нақтыланды. Оның нәтижесі сот биологиялық сараптама жүргізудің тиімді тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Сот биологиялық сараптамасының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге қолданыстағы әдістемелік құралдарға цифрлық технологияларды қолдану арқылы инновациялық әдістерді енгізуді қарастырды. Оның нәтижесі сот сарапшының қорытындысы сапасын артыруға мүмкіндік берді.

Сот биологиялық сараптаманың практикалық маңызы жануар тектес объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеулер жүргізу кезінде әдістер мен құралдарды қолдану нәтижелерін талдау. Зерттеудің мақсаты

Түсті: 28.05.2026 Мақұлданды: 18.06.2026 Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

өсімдіктердің, жануарлардың қорғалатын түрлеріне қатысты сот-биологиялық сараптама жүргізудің тиімді әдістерін талдау.

**Түйін сөздер:** жануар тектес объектілер, өсімдік тектес объектілер, сот сараптама, сарапшы, генетика, зерттеу әдістемесі.

---

## Кіріспе

Сот-биологиялық сараптама заттай дәлелдемелер сараптамасының бір түрі болып табылады. Ол арнайы зертханалық зерттеу әдістерін қолдана отырып объектілерге шығу тегінің биологиялық ортақтығын, қанның, секрециялардың, шаштың (қылдың), ағзаның мүшелері мен тіндерінің бөлшектерінің болуын, түрлерін, топтық және жыныстық тиесілігін, сондай-ақ өзге де белгілерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Сот биологиялық сараптама ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық сипатында танылады. Өсімдік тектес және жануар тектес объектілерге сараптама жүргізу ерекшеліктерін анықтау көзделінеді.

Қазіргі кезде өсімдік тектес және жануар тектес объектілерге сараптама жүргізу үшін арнайы ғылыми білім салалары негізінде зерттеулер жүргізіледі.

Өз кезегінде тергеліп жатқан оқиғаға байланысты нақты деректерді анықтау үшін негіз болып табылады.

Бірінші кезекте сот биологиялық сараптамалық әдістемесін әзірлеу болып табылады. Практикалық маңызын айқындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жағдайда, ең алдымен, сот-биологиялық сараптаманың әдістемесін әзірлеу барысында сот сараптамасы саласындағы кәсіби стандарттарды айқындау маңызды болып табылады. Аталған стандарттардың негізгі мақсаты – сарапшының кәсіби даярлық деңгейін жетілдіру және сараптамалық қызметтің сапасын арттыруға бағытталу.

Оны әзірлеудің өзектілігі заңсыз аңшылық, жануарларды пайдалануға тыйым салынған түрлерімен олардың жекелеген бөліктерімен (дериваттарымен) заңсыз айналысу және жануарларға қатегездікпен қарау туралы құқықбұзушылықтар санының едәуір артуы болып табылады.

Сипатталған сараптамалық зерттеу класының (түрін) объектілерін жүйелеу үшін ерекше тәсіл қажет екені анық.

## Әдіснама

Ұсынылып отырған зерттеуді дайындау барысында дұрыс әдістерді қолдану арқылы зерттеуді жүргізу нәтижесіне бірқатар мәліметтерді алу үшін құқықтың жалпы әдістерін қолданды оның ішінде:

– Салыстырмалы-құқықтық әдісін сот сараптамасы доктринадағы сот биологиялық сараптамасы ұғымын түсінудің ғылыми тәсілдерін салыстыру кезінде сондай-ақ жекелеген шетелдік және ресейлік зерттеушілердің ұстанымдарын талдау кезінде қолданылды.

– Талдау және синтез әдісін ғылыми әдебиеттерге шолу жасау барысында матиркс технологиясын қолданылды. Жинақталған ғылыми әдебиеттерге ғылыми саралау кезінде жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға өту әдістері аналогия әдістерін қолданылды.

Салыстырмалы-құқықтық әдісін сот биологиялық сараптама жүргізудің ерекшеліктерін шетелдік тиісті заңнамаларға және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне құқықтық талдау жасау кезінде қолданылды.

Зерттеу барысында сот-биологиялық сараптаманың түрлеріне оның ішінде жануар тектес объектісін зерттеуге арналған ғылыми-әдістемелік еңбектер қолданылды. Сонымен қатар шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, теориялық қағидалары, әдістемелік зерттеулері мен тәжірибелері ғылыми-әдістемелік негіз ретінде қолданылды.

### Нәтижелер мен талқылау

Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот биологиялық сараптама біліктілік мамандығына сәйкес екі түрлі объектілерге бөлінеді:

1. өсімдік тектес объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеу.
2. жануар тектес объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеу.

СТРК 3886-2023 ҚР СТ Жануарлардан алынатын объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеу стандартында белгіленген[1].

ҚР сот сараптама қызметі туралы Заңында (бұдан әрі-ССҚТЗ) арнайы ғылыми білімі бар сарапшы заңда белгіленген талаптарға сай келетін іске мүделі емес жеке тұлға. Ал арнайы ғылыми білім мазмұны сот сараптамалық зерттеулердің әдістемесі іске асырылған ғылыми білім құрайтын арнайы білім саласы болып табылады[2].

Сот сараптама қызметі саласындағы кәсіптік стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығына сәйкес сот экологиялық сараптамасын жүргізу жөніндегі сот сарапшысының біліктілік пен құзыреттілік деңгейін, еңбек мазмұнын, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналады[3].

6 деңгейлі бакалавриат (ординатура). Аталған қызметті зоология, биология, генетика, биохимия, ветеринария және зоотехника мамандықтары бойынша даярланған мамандар жүзеге асырады. Осы саладағы кәсіптік стандарт толықтырылды [4].

Сараптамалық-криминалистикалық қызметтің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарының бірі- заманауи ғылыми әдістер мен инновациялық технологияларды енгізу болып табылады.

Заңсыз аңшылықпен күрес ғылыми-техникалық жетістіктері жасанды интеллектті қолданумен тығыз байланысты.

Сот сараптамасының объектілеріне заттай дәлелдемелер, құжаттар, адамның денесі мен психикалық жай-күйі, мәйіттер, жануарлар, үлгілер, сондай-ақ сот сараптамасы өзге де мәліметтер мен іс материалдар жатады.

Сот сараптама және зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығына сәйкес өсімдік тектес объектілерді сот-сараптамалық биологиялық зерттеудің мәні ботаника, биология саласында және әртүрлі табиғи-техникалық ғылымдар саласында арнайы ғылыми білімдер негізінде объектінің шығу тегін, оның таксономикалық (топтық) тиесілігін, сондай-ақ диагностикалық, сыныптық және ұқсастық сипатының нақты жағдайын анықтау болып табылады[5].

Жануарлар тектес объектілерге сот сараптама жүргізу зоологиялық, биология ғылымдары саласындағы арнайы ғылыми білімдерге негізделіп жүргізіледі. Тергеу жұмыстарында оқиға орынында нақты деректерді анықтауға және дәлелдемелер алуға мүмкіндік береді[5].

Көптеген ғылыми зерттеулерде сот молекулалық генетикалық сараптама жүргізу түрлері кездеседі. Дезоксирибонуклеин қышқылы – (бұдан әрі – ДНҚ) зерттеу әдістерін талдау арқылы биологиялық объектілердің генетикалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы көбінесе туыстық қатынастарды және биологиялық іздердің шығу тегін анықтау үшін қолданылады.

Бұл өз кезегінде азаматтық істерде туыстық қатынасты орнатуға сот сараптамасы жүргізеді. Ал белгісіз мәйіттердің жеке басын анықтау үшін қылмыстық істерде сот сараптама тағайындау және жүргізудің заманауи және тиімді құралдарының бірі саналады.

Апахаев Н.Ж., Нурлан А.Е өз зерттеулерінде аталған ұстанымен келіседі.

Авторлар өз ұстанымдарын негіздей отырып, келесі тұжырымдарды келтіреді: молекулалық-генетикалық сараптама әділ шешім қабылдауға ықпал ететін негізгі құрал ретінде тек жеке тұлғаларды сәйкестендірумен шектелмейді. Ол күрделі істерді тергеу кезінде елеулі рөл атқарады. Бұл сараптама жеке тұлғаны сәйкестендіру, туыстық қатынасты анықтау, биологиялық іздердің шығу тегін айқындау мақсатында қолданылады [6].

Мұндай деректер құқық бұзушылықтың әртүрлі сатыларында жануарлардан алынатын биологиялық объектілер құрамында анықталуы мүмкін.

Заңсыз аңшылық қылмыстық құқық бұзушылығын тергеу барысында сойылған жануар ұшасын бөлшектеу орнында анықталған биологиялық іздер дәлелдемелік мәнге ие болуы мүмкін. Мұндай биологиялық іздер атыс және пневматикалық қаруларда, жануар ұшасын тасымалдауға пайдаланған көлік құралында және іске қатысқан адамдардың киімдері мен аяқ киімдерінде сондай-ақ ет өнімдерін сақтау орындарында табылады [7].

Өсімдіктер мен жануарларға жататын биологиялық үлгілерге жүргізілетін молекулалық-генетикалық сараптамалық зерттеулер ДНҚ талдауының жаһандық деңгейде дамуының жаңа бағыты болып табылады. Сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізуде дәлелдемелерді алудың заманауи ғылыми әдістерінің бірі ретінде қалыптасқан.

Генетика бұл биологиялық ақпараттың сақталуы жүзеге асырылуын, ұрпақтан-ұрпаққа берілу заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы болып табылады.

Сонымен қатар генетика ауыл шаруашылығы саласымен, медицина және биотехнология салаларымен тығыз байланыста дамитын ғылым.

Генетика тұқым қуалаушылық және тірі ағзалардағы генетикалық өзгергіштік заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде өсімдік, жануар және адам сияқты тірі организмдердің физиологиялық ерекшеліктері мен мінез-құлықтарын түсінуге және оларды белгілі бір деңгейде болжауға жағдай жасайды [8].

Генетикалық сараптама жүргізу үшін биологиялық үлгілерді алу тәртібі айыпталушының қадір-қасиетін құрметтеу құқығын сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Тірі ағзадан немесе адамнан биологиялық материал алудың ауыртпалықсыз және қауіпсіз әдістерін қолдануы қажет. Үлгілерді алудың заңдылығы мен дұрыстығына кепілдік берілуі тиіс.

Биологиялық материал үлгілерін алу тәртібі тұлғаға алдын ала хабардар етуі қажет.

Тұлғаға үлгілерді алудың мақсаты мен әдістерін, алынған деректерге қол жеткізу құқықтары мен міндеттері, оларды пайдалану шарттары ескерту қажет. Тұлғаны деректердің анонимділігі немесе құпиялығына қатысты шектеулер туралы тиісінше хабардар етуді қамтуы қажет [9].

Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттерде жабайы жануарына және үй жануарларына қатысты жеке-дара сәйкестікті немесе олардың таксономиялық тиістілігін анықтау мақсатында молекулалық-генетикалық зерттеулер кеңінен жүргізілуде.

ДНҚ талдау әдістері селекциялық жұмыстарды жүргізу кезінде кеңінен қолданылады.

Мәселен Өзбекстан Республикасында сот-биологиялық зерттеулер Денсаулық министрлігі жанындағы сот медициналық сараптама бюросының биологиялық бөлімшесінде және Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігіне қарасты Х. Сүлейманова атындағы Республикалық сот сараптамасы орталығы базасында жүзеге асырылады.

Сот-биологиялық сараптама қылмыстық, азаматтық және әкімшілік іс жүргізу шеңберінде алғаш рет тағайындалатын бастапқы сараптама түріне жатады.

Аталған мекемелерде серологиялық әдістерді қолдану арқылы объектілердің биологиялық түрлік ерекшеліктерін сонымен қатар олардың топтық тиесілігін анықтауға бағытталған сараптамалық зерттеулер жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелері теріс санатта болуы да мүмкін. Яғни салыстырмалы зерттеу үшін үлгілері ұсынылған тұлғалардан биологиялық іздердің шығу тегі жоққа шығарылуы ықтимал. Алайда зерттелетін объекті мен салыстырмалы үлгінің топтық белгілері сәйкес келген жағдайда сараптама нәтижесі бойынша жол беріледі[10].

Өзбекстан Республикасында сот-биологиялық сараптама жүргізудің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1) иіс іздерінің сот-биологиялық (одорологиялық) сараптамасы;

2) биологиялық шығу тегіне ие заттай дәлелдемелердің сот-биологиялық (медициналық) сараптамасы;

3) адамның ДНҚ-сын анықтау үшін молекулалық-генетикалық сараптама;

Кейбір ортақ белгілерінің болуына қарамастан олардың мазмұн сипаттамалары мен іс жүргізудегі мәртебесі әртүрлі болады. Бұл өз кезегінде оларды қолдану тәртібі мен алынған нәтижелерді түсіндіру үдерісі күрделенеді.

Қазақстан Республикасында иіс іздерінің сот-биологиялық (одорологиялық) сараптамасы жеке жүргізілмейді. Химиялық-токсикологиялық сараптама түріне жатқызылады.

ДНҚ сараптамасына қарағанда дәлірек. Тәжірибе көрсеткендей, одорологиялық сараптама ДНҚ талдауынан айырмашылығы монозиготалы (бірдей) егіздерді ажырата алады. Сондай-ақ, иістерді тексеру генотипоскопиялық зерттеуден айырмашылығы қанның, тердің иістерін араластыру кезінде сәйкестендіру мәселелерін шеше алады (қарқынды іздер затқа соңғы тиген адамға емес, жанасуы бар немесе ұзағырақ болған адамға тиесілі болады).

Алайда, артықшылықтарға қарамастан келесі мәселелерге байланысты осы сараптаманы қолдану туралы даулар әлі де кездеседі.

1) одорологиялық зерттеуді сот сараптамасына жатқызуға болатындығына әлі де күмән бар (ғылымда және практикада).

Өйткені оны өндіруде: иістерді зерттеу болмайды. Сондықтан кейбір ғалымдар бұл зерттеуді «тәуелсіз тергеу әрекеті» немесе «жедел тергеу үлгісі» шарасы аясында жүргізу керек деп санайды[11].

Алайда, ольфакторлық сараптама криминалистика сот теориясы саласындағы арнайы білімге негізделген сараптама ретінде танылады. Сарапшы зоология, зоопсихология, сондай-ақ қазіргі заманғы химиялық-аналитикалық және физика-химиялық әдістер, оның ішінде математикалық логика аппаратын пайдаланады. Биодетекторлардың

сигналдар кешенін түсіндіру кезінде қорытындылар үшін қажетті және жеткілікті негіздерді анықтайды.

Беларусь Республикасында жануарлардың биологиялық іздерін молекулалық генетикалық зерттеу үшін ең алдымен негізгі объектілері артодактилдер (бұлан, бұғы, елік, қабан) болып табылатын заңсыз аң аулауға байланысты істерді тергеу кезінде қолданылады.

Беларусь Республикасы мемлекеттік сот сараптамалары комитетінің ғылыми практикалық орталығында заңсыз аң аулау объектілерін сәйкестендірудің ДНҚ тәсілдерін зерттеу негізінде әзірленетін әдістердің молекулалық генетикалық зертханалар үшін дәстүрлі технологиялар мен жабдықтарға барынша сәйкестігі туралы постулат негізделді.

Жабайы жануарлардың ДНҚ-сын сараптамалық генотиптеудің міндетті кезеңі үлгінің жануар түріне жатуы немесе жабайы немесе үй жануарларына қатыстылығы бойынша саралануы қосымша жіктеу міндеттерін шешу болып табылады. Жануарлар тектес іздердің ДНҚ талдауына проекцияда жоғары приматтардың ормандарында еркін өмір сүру жағдайында ұқсас жағдай байқалады [12].

Беларусь мемлекетінде жануарлардан алынатын үлгілердің ДНҚ талдауы күрделі және жоғары кәсібилікті қажет ететін мәселе болып табылады.

Авторлар мамандандырылған сынақ жүйелерінің болмауына және Еуропаның әртүрлі аймақтарында тұратын популяциялардың өзгергіштігінің жоғары деңгейі мәселенің бір жағын құрайтындығын. Екінші жағы локустар мен ПТР технологияларының физикалық табиғаты әсер ететіндігіне аса назар аударады.

Жануарларды генотиптеу үшін қолданылатын ДНҚ маркерлерінің едәуір бөлігі динуклеотидтік сипатқа ие екендігіне мән берді. Яғни ДНҚ маркерлерінің осы түріне тән «статтер» өнімдерінің түзілуінің жоғары деңгейі және күшейтілген ДНҚ фрагменттерінің қосымша аденилденуінің бақыланбайтын процесі деп түсіндірді [12].

Келесі авторлық ұжым «ДНҚ штрихкодының» ерекшеліктеріне тоқталды. Олардың пайымдауына құстардың қан үлгілерінен алынған «ДНҚ штрихкодының» эмбебап праймерлерінің көмегімен күшейту кезінде *mtdn* қажетті фрагментін ғана емес күшейту ықтималдығы жоғары екендігі белгілі болды.

Олардың зерттеуден алған нәтижелерінде ең алдымен GenBank дерекқорының ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Мұнда зерттеушілер қосатын тізбектердің түйіндемесінің сапасын тексеру механизмі жоқ екендігін дәлелдеді. Олардың ұстанымында осы түсініктеме BLAST алгоритмін шығаруда *Rhizoglionodon acutus* тізбегін алған жалғыз жағдайда дұрыс болып көрінеді. Бұл толық митохондриялық геномның тізбегі бірақ басқа зерттеулерде алынған осы түрдің жеке фрагменттерінің тізбесінен айтарлықтай ерекшеленеді [13].

Осылайша айтарлықтай әдістемелік ұқсастықтарға және ұқсас жабдықты пайдалануға қарамастан сот сараптамасында жануарлардан алынатын объектілердің ДНҚ талдауы объектілердің адамның ДНҚ талдауына қарағанда әлдеқайда күрделі екендігіне көз жеткізуге болады.

Біздіңше сот молекулалық-генетикалық сараптама ұғымын генетика саласында арнайы білімі бар адамдар жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде жануарлардан алынатын объектілер олардың бөліктері немесе дериваттары туралы сараптамалық қорытынды беретін іс жүргізу әрекеті деп түсінуге мүмкіндік берді.

Отандық ғалымдардың халықаралық ғылыми журналдағы еңбектерінде жануарларға жауапкершілікпен қараудың негіздеріне сипаттама берді. Адамдар күнделікті ет пен жануарлардан алынатын өнімдерді тұтынады. Салт-дәстүр жораларды орындау үшін жануарлардың ауырсыну мен азап шегуін азайтуға бағытталған ережелер қалыптасқан. Сонымен қатар азық-түлік өндіру үшін жануарларды сою кезінде ауырсыну мен азапты азайтудың ықтимал шешімдері кездеседі [14].

Келесі ғалымдардың еңбектерінде ветеринарлық сот-медициналық патологияның дамуына және оның жануарларға қатгездікпен күресу кезінде толық қолдануына жол берілмейтіндігі мәселесіне тоқталды. Нәтижесінде тергеу кезінде жануардың өлімі қандай жағдайда орын алғаны туралы дәлелдер жетіспейді.

Олардың ойынша сот-медициналық сараптама дәлелдемелерді жинау кезінде құжаттаманың және есептілік стандартталған хаттамаларды жазу үшін сот сараптама қорытындының дәйектілігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Үйлестірілген процедуралар ветеринарлық сот-медициналық патологияның ғылыми беделін нығайтады. Сонымен бірге оның сот жүйесіндегі рөлінің құндылығын арттады.

Сондықтан оның рөлін күшейту үшін технологиялық сот-медициналық құралдарды пайдалану (аутопсия) және пәнаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету өте маңызды.

Ол ветеринариялық сот-медициналық патология медицина құқық және қолданбалы ғылымдардың ынтымақтасуымен жануарлар өліміне тексерулер (жарақат алу уақыты, өлім жағдайы т.б) бағалауға мүмкіндік береді.

Аутопсия нәтижелері көбінесе тергеу және сот шешімдерін қабылдау үшін қол жетімді объективті дәлелдің негізгі көзі болып табылады[15].

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 17-09/542 ЖЗ хатына сәйкес, ветеринария мәселелері қарастырылды. Сот ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізуге қатысты жануарлардың әртүрлі түрлерінің (ауыл шаруашылығы жануарлары, жабайы фауна) өлімі кезінде сот ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу және субъектіні осы қызмет түріне заңнамалық бекіту мәселесі кешенді шараларды іске асыру шеңберінде пысықталатын болады[16].

Соңғы уақытқа дейін сот сараптамасы орталығының бөлімшелерінде экологиялық сипаттағы жекелеген міндеттерді шешу үшін сот-биологиялық сараптамалар жүргізілгенін еске салу қажет.

3537-2020 ҚРСТ Сот-экологиялық сараптама Стандартында анықтамалар сот-экологиялық сараптама саласындағы құжаттаманың барлық түрлерінде және өзге де ақпарат көздерінде қолдану үшін ұсынылады. Осыған сәйкес бір түр ішіндегі түрлер арасындағы және экожүйелер деңгейіндегі өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің алуан түрлілігі биологиялық әртүрлілік деп аталады[17].

Жануардан алынатын объектілерге қатысты сот биологиялық сараптама объектілері:

- бір жасушалы организмдер;
- биологиялық қауымдастықтар;
- жануарлар немесе олардың жекелеген бөліктері (дериваттары);
- жануардан алынатын өнімдер
- жануарлар шикізатын қайта өңдеу өнімдері [18].

Басқа авторлардың пікірінше сот-экологиялық биологиялық сараптама өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілеріне қатысты теріс антропогендік әсердің сипаты мен ауқымын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Бұл ретте сараптама өсімдіктер қауымдастығы жиынтығы, жануарлар дүниесіне, балық қорларына және өзге де биологиялық объектілерге теріс антропогендік әсердің көзін анықтауға байланысты міндеттерді шешіледі.

Табиғи орта компоненттеріне ластаушы заттардың түсуі мен олардың жиналуы нәтижесінде экологиялық жүйелердің ластануы орын алады. Өз кезегінде тепе-теңдіктің бұзылуы арасындағы себеп-салдар байланысын анықтайды.

Ол теріс әсер ету дәрежесі мен ауданын ауқымын, өсімдіктер мен жануарлардан алынатын объектілердегі экологиялық қауіпті заттардың құрамын салыстыру арқылы анықталады.

Бұдан басқа осы ластаушы заттардың таралу жолдарын, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлардан алынатын объектілерге теріс антропогендік әсердің алдын алу (азайту) үшін жүзеге асырылуы тиіс іс-шаралар кешенін айқындауға болады [19].

Экологиялық-биологиялық сараптама пәні- табиғатты пайдалану және биологиялық объектілерді қорғау саласындағы арнайы жаратылыстану білімдерінің негізінде белгіленетін нақты мән-жайлар. Сондай-ақ биоценоздарға теріс антропогендік әсер ету фактілері бойынша іс материалдарын зерттеу болып табылады.

Ж.Л. Бекжановтың ғылыми еңбегінде зерттеу объектілеріне өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің өкілдері кіретін жабайы флора мен фаунаның сот-экологиялық сараптамамен тығыз байланыстырды. Себебі сот-экологиялық сарапшылардың басым бөлігі зерттеулер кешенді сараптама нысанында жүргізеді. Өзінің диссертациялық ғылыми еңбегінде экологиялық құқық бұзушылық туралы істер бойынша кешенді сот сараптамаларын жүргізудің негізгі ерекшеліктері қарастырды.

Сонымен қатар сот – экологиялық сараптаманың әзірленген жіктемесі (сот сараптамасының бір түрі ретінде) пайдаланылатын арнайы ғылыми білімнің объектілері мен салалары бойынша сот сараптамаларының мынадай түрлерін жіктеу қажеттілігіне объектілеріне экологиялық геологиялық, экологиялық гидрологиялық, экологиялық биологиялық, экологиялық сараптама, экологиялық-топырақтану сараптамаларын ұсыну туралы авторлық пікірін берді [20].

А.А. Гусаров, Н.Е. Сурикова, И.В. Исакова, Э.П. Сабчук авторлық ұжым сот-биологиялық және сот-цитологиялық сараптама жүргізудің әдістемесінде сот-биологиялық сараптама ұғымына түсінік берді. Сот-медициналық сараптаманың кіші түрі морфологиялық, физика-химиялық, иммунологиялық (серологиялық) және басқа да арнайы зертханалық әдістерді әдістемелер мен реакцияларды біріктіретін белгілі бір алгоритмдердің көмегімен зерттелетін объектілердің биологиялық табиғатын және олардың нақты шығу тегі туралы анықтау мәселелерін шешетін сараптама болып табылады [21].

Сот-биологиялық сараптама объектілері туралы ілімді әзірлеу талап етіледі. Ол биологиялық іздерді дұрыс тануға, зерттеуге және сотта дәлел ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Сот-биологиялық сараптаманың объектісі биологиялық тектес іздер мен материалдар. Оның ғылыми негізі биологиялық ғылымына сүйенеді және әртүрлі табиғи-техникалық ғылымдар саласында арнайы ғылыми білімдер негізінде объектінің «шығу тегін» айқындауға негізделуге тиіс. Сот-биологиялық сараптама объектісін анықтауды «теориялық тұжырымдамалардың алуан түрлілігімен күрделене түседі».

Бірқатар авторлар адам ағзасын ерекше биологиялық объектілердің қатарына жатқызады. Бір жағынан адам табиғаттың тәжі ғаламның шыңы. Екінші жағынан анатомияның, физиологияның, психологияның және басқа да бірқатар ғылымдардың қарқынды дамуы адам ағзасының тірі табиғаттың ең толық зерттелген объектісі екендігіне әкелді.

Д. Яковлев балама көзқарасты көрсетеді. Бұл көзқараспен келіспейтіндігін өз еңбектерінде дәлелді.

Адам ағзасы биологиялық тұрғыдан жануарлармен ортақ заңдылықтарға бағынады. Адам эволюциясы нәтижесінде пайда болған жоғары психикалық және әлеуметтік ерекшеліктер оның биологиялық зерттелуін толықтай жануарлармен теңестіруге мүмкіндік бермейді.

Осылайша сот – биологиялық зерттеу объектісі деп заңды факт туралы ақпарат беретін жануарлар мен өсімдіктердің жабайы табиғатының бір бөлігі (материалдық немесе материалдық емес) түсіндірілді.

Д. Яковлевтің анықтамасынан бірқатар белгілерді көруімізге болады:

1) күрделі биологиялық қауымдастықтарға тән жоғары ұйымдасу деңгейі сот-биологиялық сараптама объектілерін зерттеуде биология ғылымының әдіснамалық мүмкіндіктерімен белгілі бір дәрежеде шектелу жағдайын көрсетеді. Бұл өз кезегінде олардың ерекше ғылыми-практикалық сипаттарын ашуға негіз болады.

2) объектіні сипаттау барысында оны зерттеудің нақты мүмкіндіктері айқындалады. Алайда зерттеудің мақсаты мен оны жүргізуге негіз болған оқиғаның фактілік мән-жайлары әрдайым толық нақтылана бермейді. Бұл сот-биологиялық зерттеулердің қажеттілігін анықтайтын жағдайларды барынша қамтуды қамтамасыз етеді [22].

ҚР Қылмыстық процесілік кодексінің 79- бабының 3- бөлігі сарапшының із жүргізу барысында жүзеге асыратын негізгі құқықтарын айқындайды. Аталған нормаға сәйкес қылмыстық іс материалдарымен танысу, қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды ұсыну туралы өтініш хат жолдауға құқылы.

Сонымен қатар қорытынды беру үшін маңызы бар мәселелер бойынша түсініктемелер беруге құқылы [23].

Сонымен қатар ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 757- бабы 2-тармағы нормасында бекітілген [24]. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 33-бабының 3-тармағына сәйкес сот сарапшысының процесілік құқықтары айқындалып, оның ішінде істің материалдарымен танысу, қосымша мәліметтерді сұрату және сараптамалық қорытынды беру үшін қажетті әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігі көзделген [25].

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің 82-бабының 1-тармағына сәйкес, сот сараптамасы іс үшін маңызы бар мән-жайлар сарапшының арнайы ғылыми білімдер негізінде жүзеге асыратын объектілерді зерттеу нәтижесінде анықталуы мүмкін болған жағдайларда тағайындалады [26].

Қазақстан Республикасында сот-сараптама қызметін мемлекеттік регламенттеу тетігін қалыптастырудың атап айтқанда сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді тіркеудің мақсаты сараптамалық зерттеулер әдістемелерін біріздендіру және стандарттау екені анық [27].

Мұнда Сот сараптамасы органдары жүргізетін сот биологиялық сараптамасының (16) 14 түріне арналған әдістеме бекітілген.

Атап айтсақ:

- Үй саңырауқұлақтарымен зақымданған ағашты сот-сараптамалық зерттеу;
- өсімдік жапырақтарының микроморфологиялық құрылымын зерттеу
- ағаш материалдарын сот-сараптамалық зерттеу;
- астық өнімдерін сот-сараптамалық зерттеу;
- ағашты сот-сараптамалық дендрохронологиялық зерттеу әдістемесі;
- топырақ-биологиялық-техногендік кешен объектілерін сот-сараптамалық зерттеу әдістемесі (ТБТК);
- олардың өсу учаскесін белгілеу мақсатында шөптесін өсімдіктердің жергілікті жиынтығын сот-сараптамалық биологиялық зерттеу әдістемесі;
- артидактилді жануарлардың кейбір тұқымдары мен түрлерінің жасын тістері бойынша анықтау мақсатында сот-сараптамалық зерттеу әдістемесі;
- жануарлардың ұшаларын олардың таксономиялық тиесілігін анықтау мақсатында сот-сараптамалық зерттеу әдістемесі;
- бекіре және лосось тұқымдасынан шыққан балық уылдырығын сот-сараптамалық зерттеу әдістемесі;

Алайда сараптаманы әдістемелік қамтамасыз ету тетіктері жеткілікті деңгейде іске асырылмаған жағдайда бұл сарапшылардың жалпы міндеттерді шешуден бас тартуына немесе сараптамалық зерттеулерді толық көлемде жүргізу мүмкіндігінің шектелуіне әкелуі ықтимал.

Мұны тізілімде тиісті әдістеменің болуы немесе болмауы фактісіне ғана негіздеу істі мәні бойынша жан-жақты толық және объективті қарау мүмкіндігінің шектелуіне әкелуі мүмкін. Алайда бұл ретте тізілімді белгілі бір әдістеменің тіркелмеуі оның мүлдем жоқ екендігін немесе қолданылмайтынын білдірмейтінін ескеру қажет.

Биологиялық сараптаманың мазмұнына ахуалдық емес өзгерістер енгізу белгілерінің болуы немесе болмауын анықтауға арналған әдістемелер ҚР Әділет министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы бұйрығында бекітіліп арнайы тәртіпте регламенттелген [28].

Бұл әдістерді практикада қолдануға арналған бағдарламалық құралдардың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Орталық сот сараптамасы органдары сарапшыларының арсеналында болуы олардың қолданбалы деңгейде іске асырылып жатқанын көрсетеді. Ал олардың ғылыми негізділігі күмән тудырмайды. Осыған байланысты оларды тиісті сынақтан өткізуге және әдістемелер тізіліміне енгізуге объективті кедергілер жоқ деп пайымдауға болады [29].

Биологиялық объектілердің спецификалық қасиеттерін ескере отырып, мамандар оларды анықтау және іріктеу мақсатында әртүрлі ғылыми-әдістемелік тәсілдерді қолданады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларына сүйене отырып, биологиялық шығу тегі бар іздердің ықтимал шоғырлану аймақтары айқындалып тиісінше дәйекті түрде зерттеуге жататын учаскелер белгіленеді.

Барлық процессуалдық және криминалистикалық талаптарды сондай-ақ биологиялық материалдың сақталуын қамтамасыз ететін шараларды сақтау нәтижесінде іздердің бастапқы күйінде барынша толық сақталуына қол жеткізіледі.

В.В. Семенов қазіргі таңда жануарлардан алынатын талшықтардың макроскопиялық деңгейде ажыратылуы қиын табиғи және жасанды (синтетикалық) тоқыма материалдары ретінде өнеркәсіпте де күнделікті тұрмыста да кеңінен қолданылатынын ерекше атап өткен.

Оның пікірінше сот – биологиялық сараптаманың тікелей объектілерін сараптамалық зерттеу барысында талшықтарды (қылдарды) әртүрлі негіздер бойынша саралау және нақтылау қажеттілігі айқындалды.

